# ПРЕЗЕНТАЦИЯ

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ҚАЖЕТТІ ЭЛЕМЕНТІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКА МЕН ТАКТ

**Орындаған: Низамиддин М.**
**Тобы: ФК-15-4К2**
**Қабылдаған: Сейдулла Г.**

**Педагогикалық іс-әрекетте қарым-қатынас жасаудың барлық түрлерін қолдану керек (ақпарат алмасу, өзара әрекеттестікті ұйымдастыру, баланың тұлғалық қасиеттерін аша білу, оған ықпал ету және т.б.)**

**Қарым-қатынас жасау арқылы шешетін мәселеңізді айқын және нақты тұжырымдап алыңыз**

**Қарым-қатынас жасаудың стратегиясы мен әдіс, жолдарын ойластырып алыңыз, баланың санасы мен мінез-құлқына ықпал ететін әдістерді таңдап алыңыз**

# Педагогикалық әдеп



тілдесу, қарым-қатынас жасау кезінде

сөйлесу икемділігінде

оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыра алу икемділігінде

өзін-өзі ұстай алу және талап ету икемділігінде


Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі үшін атқарылатын кәсіптік жауапкершіліктің көрсеткіштері
кәсіпке, қоғамға деген қарым-қатынас
Тәртіпті болу, өзіне және балаларға қаталдықпен қарау
Эмоцияналдық байсалдылық, әдептілік
Ұжымдағы әріптестермен жақсы қарым-қатынас

**Қарым-қатынас** - рухани құбылыс ретінде. ***Қарым-қатынас*** ойымен, құпиясымен, білімімен, әсерлерімен алмасу ретінде. Педагогтың жастарға деген тұлға ретінде, кәсіби-әңгімелесуші және мұғалім ретінде қажетті болуға талпынуы. Студентке (оқушыға) өз танымы мен әлемге деген түсінігі бар қоршаған әлемді бағалаудағы толыққанды күрделі жүйе ретінде қатынас. Диалогтыққа, тәубешлікке, ашықтыққа екі жақты ден қою.
Жанжал педагогикалық қарым-қатыныстың компонеті (құрамдасы) ретінде. Жанжал жағдайындағы өзара байланыстың барысында адамдардың бірін-бірі тануының тұлғалық даму мүмкіндігі.

***Кәсіби педагогикалық қарым-қатынас*** процесінің құрылымына (В.А.Кан-Калик бойынша):
1. педагогтың сыныппен қарым-қатынасын алдын-ала модельдеу (болжау) – бұл кезең аудиторияның танымдық әрекетінің сипаты, мүмкін болатын кедергілер, жұмыс динамикасы сияқты ерекшеліктерін білуді қажет етеді.
2. бастапқы байланыс кезіндегі қарым-қатынасты ұйымдастыру (коммуникативті шабуыл) – топты жұмыс істеуге белсенді тартуды қажет етеді және өзін-өзі көрсету мен динамикалық әсер ету әдістерін меңгеруіне байланысты.
3. дамушы педагогикалық процесс барысында қарым-қатынасты басқару – оқушылардың инициативасын қолдау, диалогтық қарым-қатынас ұйымдастыра алу және шынайы өмірден мысал келтіруіне байланысты.
4. жүзеге асырылған қарым-қатынас жүйесін анализдеу және оның алдағы іс-әрекетін модельдеу.

Зерттеушілер мұғалімнің сыныпқа деген қарым-қатынасының 3 стилін бөліп көрсетті:

Тұрақты-жағымды стиль. Мұғалімнің балаларға деген тұрақты эмоционалды жағымды қатынасымен, қиын сәттерінде көмек көрсетуімен оқу әрекетіндегі кемшіліктерге, іскерлік жауап қайтаруымен, балалармен қарым-қатынас кезінде сабырлылықпен сипатталады.

Пассивті-жағымды стиль. Балаларға деген қарым-қатынасының эмоционалды жағымды сипатының айқын еместігімен ерекшеленеді.

Тұрақсыз стиль. Бұл стильде мұғалім өзінің қарым-қатынасын жағдайға байланысты өзгертеді. Сондай-ақ мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынас жасауы өзінің көңіл-күйіне сол уақыттағы эмоционалдық жағдайына байланысты.


Кез-келген педагог өзінің педагогикалық іс-әрекеті барысында бірнеше басқару стильдерін қолданады:
Авторитарлы - өзіне бағытталған стиль.
Либералды – ұжым өміріне араласуды қаламайды, белсенділік танытпайды,
Демократиялық – ұжым пікіріне келушілік

# Педагогикалық қарым қатынасты ұйымдастыру

- Оқытушы мен білімгердің арасындағы оқу тәрбие жұмысын жүзеге асыруға қажетті маңызды психологиялық ахуал жасайтын, болашақ мамандардың кәсіпке бейімделуін шыңдайтын кәсіптік мамандық қатынасының түрі.

Ұстаз сөзінің қызметі төмендегіше көрсетіледі:

- сөз арқылы оқушыларға білім беруі немесе білім мазмұныны жеткізуі;
- оқу әрекетінің тиімділігін қамтамасыз етуі;
- оқушы мен мұғалім арасындағы қарым –қатынастың нәтижелің болуына шарт түзуі;

## Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Смелкова З.С. Педагогическое общение. М., 1999. – 232 с.
2. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. М.: Просвещение, 1987. – 190 с.
3. Путляева Л.В. Психологические аспекты проблемного обучения. / Под ред. А.А.Вербицкого. М., 1983. – 154 с.
4. Почепцов Г.Г. Теория коммуникации. – М., 2003.